

# FACT AND REAL FOR TEACHERS ОЛИМПИАДАСЫ ӨТТІ



Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына жасаған үндеуінде гуманитарлық мамандықтармен әуестену кезеңі келмесе кетіп, техникалық мамандыққа мән беретін уақыт келгендігін айтқан болатын. Барлық техникалық мамандықтарды математикасыз елестету мүмкін емес. Сондықтан да математикалық сауатты азаматтарды дайындау — елімізде күн тәртібінде тұрған басты мәселе. Математика — бұл технология тілі. Бүгінгі күннің өзінде технологиямен байланысты салалардағы жұмысқа сұраныс басқа бағыттағы қажеттіліктен едәуір асып түсті. Сонымен қатар кез келген адамның кәсібіне қарамастан, елімізде қабылданып жатқан саяси және қаржылық мәселелер іргелі математикалық ұғымдарды көбірек түсінуді талап етеді. Осы орайда Ақбөбек халықаралық мектебі Ақтөбе облысындағы жоғары білікті математика пәні мұғалімдерін анықтау және ынталандыру мақсатында 2023 жылдың 24 наурызында «Ақбөбек Халықаралық мектебі» базасында математика пәнінен дәстүрлі II облыстық «Fact and Real for teachers» олимпиадасын өткізді. Биыл дәстүрлі олимпиаданың қатысушыларды қамту шеңбері артып, шараға Алға, Байғанин, Мәртөк, Мұғалжар, Темір, Хромтау, Ырғыз, Қарғалы, Әйтеке би аудандары мен қала мектептерінен 72 мұғалім қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша:

**1-орын, жүлде қоры 50 000 теңге ақшалай сыйлықты:**

Оспанов Естай Еділұлы (Ақтөбе қ. ФМБ На-

зарбаев Зияткерлік мектебі), Бертайыз Нұрлыхан Сәкенұлы (125 High School), Жақсылық Ренат Талғатұлы (№51 гимназия);

**2-орын, жүлде қоры 20 000 теңге ақшалай сыйлықты:**

Базарбаев Сағындық (125 High School), Жетібай Гүлназ (Ақбөбек Халықаралық мектебі);

**3-орын, жүлде қоры 10 000 теңге ақшалай сыйлықты:**

Қайыров Қонысбек Жомартбекұлы (Білім Инновация Лицейі), Есіркепов Коблан Сержанұлы (Ақжар орта мектебі), Хамзин Ерғали Көркембайұлы (Назарбаев зияткерлік мектебі), Есалина Айзада (Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернаты), Аяпбергенов Дулат Сакенұлы (Хлебодаровка ЖОББМ) иеленді.

Қатысушылардың барлығына естелік сыйлық пен сертификат табысталды.

Ақбөбек халықаралық мектебі олимпиадаға қатысқан әр қатысушыны құттықтап және жақсы жұмыс үшін алғыс айтады. Қатысушылар дайындық пен кәсіпқойлықтың жоғары деңгейін көрсетіп, олимпиадада өз мектептерін лайықты түрде көрсетті.

Алдағы уақытта облысымыздың дарынды мұғалімдерінің басын қосатын «Fact and Real for teachers» олимпиадасының аясы кеңейіп, жалғасын табады.

Ғалымжан ТӨЛЕУШОВ.

«Ақтөбе облыстық аңшылар және балықшылар қоғамы»

ҚБ Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес 2023 жылғы 17 сәуірден бастап он күн жұмыс күндері аралығында, бірыңғай экологиялық порталда (бұдан әрі-портал) [Ecoportal.kz](http://Ecoportal.kz) төмендегі жобалары бойынша **БИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕ**

1) Ақтөбе облысының Елек өзені (№1 учаске Ақкемер-Бестемақ), Қобда өзені (№1 учаске Жарық-Жиренқопа, №2 учаске Қобда-Көксай, №3 учаске Қара Қобда өзені Көксай селосынан 25 км жоғары); Ойыл (№3 учаске Алтықарасу-Шибұлақ, №4 учаске Ойыл-Қаратал, №5 учаске Қаратал-Көктоғай); Қиыл өзені (№2 учаске Ақкемер-Шикұдық); Ор өзені (№2,3 учаске Талдыбұлақ-Көктау-Ресей Федерациясымен шекара); Темір өзені (№1 учаске Сағашилі-Кеңқияқ); Ақтөбе және Ойылқара су қоймаларында 1 шілде 2023 ж-1 шілде 2024 ж аралығында балық аулаудың рұқсат етілген шекті мөлшері жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы – «СНПС-Ақтөбе мұнайгаз» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.

**Көзделіп отырған қызмет:** СТ-73 бағалау ұңғымасын салу және қабаттарды сынау.

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: <https://ecoportal.kz/> жария талқылаулар айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайға жүзеге асырады: [aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz](mailto:aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz).

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 3.04.2023 ж.-3.05.2023 ж.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

ҚР ЭГЖТМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне бастамашы – «AltynEx Production» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.

**Көзделіп отырған қызмет** — Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданындағы Юбилейное кен орнында қуаттылығы жылына 5 млн т кенді құрайтын «Altynex» тау-кен металлургия комбинатының алтын өндіру фабрикасын (бұдан әрі-АӨФ) салу.

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: <https://ecoportal.kz/> жария талқылаулар айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды ҚР ЭГЖТМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті электронды мекенжайға жүзеге асырады [kerk@ecogeo.gov.kz](mailto:kerk@ecogeo.gov.kz) немесе 010000, Астана қ. Мәңгілік Ел көшесі, 8 Министрліктер үйі, 14-кіреберіс.

**Байланыс деректері:** 8(7172)74-08-33.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 3.04.2023 ж.- 3.05.2023 ж.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

90-71-55

[aktobesmi@mail.ru](mailto:aktobesmi@mail.ru)